# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

Мен тәуелсіз Қазақстанның ұланымын. Елім үшін, жерім үшін жанымды қиюға да әзірмін. Біз өскелең жас ұрпақ бүгінгі күнімізге шүкіршілік етуіміз керек. Бұл күнге аспаннан аяғымыз салбырап түсе салмадық. Қаншама ата-баба, аға әпкелеріміздің өжеттілігі, батырлығымен батылдығының арқасында жетіп отырмыз. Қайраттанған Мәншүк, Әлия апаларымыздың қайтпас қайсарлығының арқасында, тәуелсіз Қазақстан Республикасының іргетасын қаладық. Біз бұндай ел үшін туған ұлдарымызбен қыздарымызды естен шығармауымыз керек. Себебі, олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Өздерінің қара-бас қамын емес, еліміздің ертеңін ойлады. Айта кетерлігі Ұлы Отан соғысына әпкелерімізбен апаларымызда қатысқан. Соғыс уақытында оларда ~~қо~~ қол қусырып қарап отыра алмады. Олардың бірі Мәншүк Мәметова. Шын есімі Мәнсия. Ол өзінің асқан қаһармандығымен көзге түсіп, Кеңес Одағының батыры атанған. Ол өзінің Невель қаласы үшін шайқаста аса батырлықпен (қаза болады) 1944 жылы қаза болады.

Тәуелсіздіктің араймен атқан әрбір таңы біз үшін қуанышқа әрі мақтанышқа толы болуы керек. Тәуелсіздік сөзінің өзі бір ғажап әлем. Қазақстан қайталанбас таң шапағы. Қазіргі кезде еліміз даму үстінде. Жылдан жылға өркендеп, көркейіп келеді. Бұл біздің іргелі жетістігіміз тәуелсіздіктен бастау алады. Біздің мемлекеттік рәміздеріміздің ең құндысы туымыз, яғни көк байрағымыз. Туымыздың тұңғыш әрдайым биік болған. ~~Ав~~ Көк байрағымыздың авторы: Шәкен Ниязбеков. Туымызда сары және көк түстер кездеседі. ~~Ко~~ Бұл дегеніміз көк аспанның астында бейбітшілік пен татулықта және сыйластық пен ынтымақтастықта өмір сүру дегенді білдіреді. Және де туымызда қыран құспен


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

күш бейнеленген. Қыран құстай таудай тек биіктерден көріне берсін дегенді білдіреді. Біздің халқымыздың жігерлендіретін, ел мемлекеттік Әнұранымыз. Әнұранымыздың авторлары: әні (сөзі) Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзін жазған тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тұңғыш елбасымыздың елімізге қосқан үлесі зор. Мысалы, қазақ халқына өзінің жолдауларын жіберді, „Қазақстан-2050" даму стратегиясын ұсынды. Еліміздің даму қарқынын жеделдету мақсатында бұл стратегияны 2030 жылға дейін аяқтауды бұйырды. Менің ойымша Қазақстан өзін жан-жақтан алға көрсете білді. Мысалы, 2017 жылы өткен ЕКСПО халықаралық көрмесі де Қазақстанда өтті. Бұл көрменің тақырыбы „Болашақ энергиясы" болды. Әртүрлі елдерден, тіпті жердің түкпір-түкпірінен туристер келді. ЕКСПО көрмесінің шар мен үйінің маңыздылығы ол көне дәстүр, салт-жораларымыздың қайта жаңаруында еді. Мысалы, киіз үйлер тігіліп, алтыбақан (ортаға) орнатылды. ЭКСПО көрмесі арқылы еліміздің (аты) мәртебесі өсті деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, кешегі ата-бабамыз аңсап өткен тәуелсіздік бізге бұйырыпты. Қолымызда барда, қадірін түсініп, бағалай білуіміз қажет. Еліміз Ұлы Отан соғысына да қатысып, ерлі естерін жеңа берлерде ызғарын жасытқан келді! 1986 жылы "Желтоқсан" оқиғасы орын алды. Халық жұттан қашып қайта-қайта рет, жапа шекті. Бірақ халқымыз мойымады. Біз қазақ текті халықпыз ғой. Осының бәрінің жемісін біз қазіргі кезде көріп жатырмыз. Енді біздің мақсат елімізді дамыту, өркендету, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосу және тәуелсіздігімізді сақтап, келешек жас ұрпаққа аманат ету. Сонда ғана бізді кемел болашақ күтеді!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | ✓ | |
| 2 | | | | ✓ |
| 3 | ~~✓~~ | ✓ | | |
| 4 | | | ✓ | |
| 5 | | ✓ | | |
| 6 | ✓ | | | |
| 7 | | ✓ | | |
| 8 | ✓ | | | |
| 9 | ✓ | | | |
| 10 | | | ✓ | |
| 11 | | | | ✓ |
| 12 | | | | ✓ |
| 13 | | ✓ | | |
| 14 | | | | ✓ |
| 15 | ✓ | | | |
| 16 | | ✓ | | |
| 17 | | | | |
| 18 | ✓ | | | |
| 19 | | ✓ | | |
| 20 | ✓ | | | |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ